

Қазақстан Республикасында Мемлекеттік мүлікті ұрлаумен күрес жөніндегі шараларды үйлестіру жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 21 наурыздағы N 386

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік мүлікті ұрлаумен күрес

жөніндегі шараларды үйлестіру жоспары (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, жергілікті атқарушы органдар Жоспарда көзделген шараларды жүзеге асыруда бақылаушы және құқық қорғау органдарына жәрдем көрсетсін.

3. Жоспардың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 21 наурыздағы
N 386 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті
ұрлаумен күрес жөніндегі үйлестіру шараларының
Жоспары

N р/с	Шаралар (мәселелердің атаулары)	Орындалу мерзімі
1	2	3
1	Мемлекеттік меншікті жекешелендіру кезінде заңдардың сақталуы мен мемлекеттік тұрғын үй емес жайларды мүліктік жалға беру тәртібін және бюджетке қаржының толық түсуін тексеру	1997 жылғы сәуір-мамыр

- 2 Коммерциялық және мемлекеттік құрылымдарды "-"
бюджетке кедендік төлемдер төлеуден босатудың
немесе кейінге қалдыруға мүрсат берудің
заңдылығын тексеру

- 3 Астық, металл, мұнай және көмір экспортынан, "-"
әсіресе шағын, коммерциялық және бірлескен
кәсіпорындар экспортынан республикаға
валюта қаражатының уақытылы және толық түсу
мәселелерін реттейтін заңдардың сақталуын
тексеру

- 4 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы
кепілдігімен алынған шетел кредиттерін сәуір-мамыр
мақсатты пайдалану және уақтылы өтеу
мәселелерін реттеуші заңдардың сақталуын
тексеру

- 5 Темір жол, әуе, автомобиль, теңіз және 1997 жылдың
өзен көліктерімен тасымалданатын жүктердің II тоқсаны
сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі заңдардың
сақталуын тексеру

- 6 Сыртқы экономикалық қызметтің жұмыс істеп "-"
тұрған қатысушылары туралы деректер банкін
құру

- 7 Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір 1997 жылдың
жолдарының тораптық кеңселерінде темір жол III тоқсаны
тасымалдары үшін есеп айырысулардың
дұрыстығын тексеру

- 8 ТМД елдерінің резиденттері мен "-"
экспортшылары арасында есеп айырысу
шоттарындағы қолда бар ақшалардың заңсыз
айналымымен күрес мақсатында импортшылар
адресіне түсетін және қолма-қол есеп
айырысумен төленген (құны 10 мың АҚШ

долларынан астам) жүктерді кедендік
ресімдеу фактілерінің анықталуы бойынша
тексерулерді жүзеге асыру

9 Екінші деңгейдегі банктердің қайтарылмаған -"-
кредиттерді өтеу шотына клиенттерден
алынған, кепілдік мүліктерді, банкке
өтелмеген шығынның нақты сомасын анықтаумен
ресімдеуінің дұрыстығын тексеру

10 Шаруашылық жүргізуші субъектілерді бюджетке 1997 жылдың
салық төлеуден босату немесе жеңілдіктер IV тоқсаны
беру жөніндегі заңдардың сақталуын тексеру

11 "Құқық қорғау органдарына тексеру -"-
материалдарын ресімдеу және тапсыру мерзімі
туралы", "Өткізілген материалдар бойынша
қаржы-валюталық бақылау қызметтері мен
құқық қорғау органдарының тоқсан сайын
салыстыру жүргізу тәртібі туралы" бірлескен
нұсқаулар әзірлеу

12 Займшылардың мерзімі өткен қарыз 1997 жылдың
берешектерін өтеу бойынша шаралар қазан-қараша
қабылдауға қатысты екінші деңгейдегі
банктерді күштеп жою жөніндегі комиссияның
соттан тыс тәртіппен жүзеге асырылған
жұмыстарын тексеру

Атқарушы

| Аяқтау нысаны

4

| 5

Қаржымині жанындағы Қаржы-валюталық Қазақстан Республикасының
бақылау комитеті, Бас Прокуратура, Үкіметіне баяндама
(келісім бойынша), ҰҚК (келісім
бойынша), МТК (келісім бойынша)

Мемлекеттік кеден комитеті, Қаржымині Бұл да
жанындағы Қаржы-валюталық бақылау
комитеті, Бас Прокуратура (келісім,
бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), МТК
(келісім бойынша)

Қаржымині жанындағы Қаржы-валюталық Бұл да
бақылау комитеті, Мемлекеттік Кеден
комитеті, Бас Прокуратура (келісім
бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), МТК
(келісім бойынша)

Қаржы министрлігі жанындағы Қазақстан Республикасының
Қаржы-валюталық бақылау комитеті, Үкіметіне баяндама
Бас Прокуратура (келісім бойынша),
ҰҚК (келісім бойынша), МТК (келісім
бойынша)

Мемлекеттік кеден комитеті, Бас Бұл да
прокуратура (келісім бойынша), МТК
(келісім бойынша)

Мемлекеттік кеден комитеті, Қаржы Бұл да
министрлігі

Қаржымині жанындағы Қаржы-валюталық Бұл да
бақылау комитеті, Бас Прокуратура
(келісім бойынша)

Қаржымині жанындағы Қаржы-валюталық Бұл да
бақылау комитеті, Мемлекеттік кеден
комитеті

Қаржымині жанындағы Қаржы-валюталық Бұл да
бақылау комитеті, Ұлтбанкі, (келісім
бойынша), МТК (келісім бойынша)

Бас Прокуратура (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі, ҰҚК (келісім Үкіметіне баяндама

бойынша), МТК (келісім бойынша)

Қаржымині жанындағы Қаржы-валюталық Бірлескен нұсқаулар
бақылау комитеті, Бас Прокуратура
(келісім бойынша), МТК (келісім
бойынша), ҰҚК (келісім бойынша)

Бас Прокуратура (келісім бойынша), Қауіпсіздік Кеңесіне
Қаржымині жанындағы Қаржы-валюталық хабарлама
бақылау комитеті, Ұлтбанкі (келісім
бойынша), ҰҚК (келісім бойынша),
МТК (келісім бойынша)